


Кезбе нерв



Кезбе нерв

N. vagus, **кезбе нерв** - төртінші жіне одан

кейінгі келесі желбезек доғаларынан дамыған, кең таралғандықтан осылай деп аталады (119-сурет). Бұл бассүйек нервтерінің ішіндегі ең ұзыны. Кезбе нерв тармақтары арқылы тынысалу ағзаларын, асқорыту жолының едәуір бөлігін, сигматәрізді тоқ ішекке дейін нервтендіреді, сондай-ақ ол жүрекке оның соғуын баяулататын тармақтар береді.

1. Аталған ішкі ағзалар мен тамырлардың рецепторларының, сондай-ақ мидың қатты қабығының кейбір бөлігінен және құлақ қалқанын қоса сыртқы есту жолынан сезімтал ядроға *nucleus solitarius*-ке келетін афферентті (сезімтал) талшықтар.
2. Жұтқыншақ, жұмсақ таңдай мен көмейдің ерікті бұлшықеттеріне баратын эфферентті (қозғалыстық) талшықтар және осы бұлшықеттер рецепторларынан шығатын (проприоцептивті) талшықтар. Бұл бұлшықеттер талшықтарды қозғалыс ядросынан *nucleus ambiguus*-тен алады.
3. Вегетивті ядродан, *nucleus dorsalis n. vagi*-ден шығатын эфферентті (парасимпатикалық) талшықтар. Олар жүрек миокардына (жүрек соғысын баяулатады) және тамырлардың бұлшықет қабықшасына (тамырларды кеңейтеді) келеді. Сонымен кезбе нервтің жүрек тармақтарына *n. depressor* енеді, ол жүректің өзі мен қолқаның бастапқы бөлігі үшін сезімтал нерв жіне қан қысымын рефлексстік жолмен реттеуді басқарады. Сондай-ақ парасимпатикалық талшықтар кеңірдек пен өкпені (bronхыларды тарылтады), өңеш және *colon sigmoidum*-ге дейін ішекті (перисталтиканы күшейтеді), аталған ағзаларда орналасқан бездер мен іш қуысы бездерін-бауыр, ұйқыбезін (секреттік талшықтар), бүйректі нервтендіреді.

А. Бас бөлігінде (нерв басталатын жер мен төменгі түйін арасында):

- 1. **Ramus meningeus**-артқы бассүйек шұңқыры аймағындағы мидың қатты қабығына барады.
- 2. **Ramus auricularis**-сыртқы есту жолының артқы қабырғасы мен құлақ қалқаны терісінің бір бөлігіне барады. Бұл бассүйек нервтерінің ішіндегі үшкіл нервке жатпайтын жалғыз тері тармағы.

Ә. Мойын аймағында:

- 1. **Rami pharyngei**-тіл-жұтқыншақ нервi және симпатикалық сабау тармақтарымен бiрге өрiм-plexus pharyngeus-ті түзеді.
- Кезбе нервтің жұтқыншақ тармақтары жұтқыншақ тарылтқыштарын (констрикторларын), таңдай доғашықтары мен жұмсақ таңдай бұлшықеттерін (m. tensor veli palatini-ді қоспағанда) нервтенліреді. Жұтқыншақ өрімі жұтқыншақтың шырышты қабығына сезімтал талшықтар береді.
- 2. **N. laryngeus superior** - дауыс саңылауына жоғарылау көмей, тіл түбірі бөлігі мен көмей қақпағының шырышты қабығын сезімтал талшықтармен, ал көмей бұлшықетінің бір бөлігі мен жұтқыншақтың төменгі тарылтқышын (констрикторын) қозғалыс талшықтарымен қамтамасыз етеді.
- 1. Rami cardiaci cervicalis superiores et inferiores-тің бір бөлігі n. laryngeus superior құрамынан шығып, **жүрек өрімін** түзеді.

Б. Кеуде бөлігінде:

- 1. **N. laryngeus recurrens**- қайтарма көмей нерві кезбе нервтің қолқа доғасының немесе бұғанаасты артериясының алдында (оң жағында) жатқан жерінен шығады. Бұл нерв оң жағында a.subclavia-ны астынан артына қарай, ал сол жағында да астынан артқы жағына айналып өтіп, содан кейін өңеш пен кеңірдек арасындағы жүлгемен жоғары көтеріле, оларға көптеген тармақтар береді. Нервтің, n. laryngeus inferior, соңғы ұшы көмей бұлшықеттерінің бір бөлігін, оның дауыс байламдарынан төмендегі шырышты қабығын, тіл түбірінің көмей қақпағы жанындағы шырышты қабығының бөлігін, сондай-ақ кеңірдек, жұтқыншақ, қалқанша және айырша бездерін мойынның лимфа түйіндерін, жүрек пен көкірекаралықты нервтендіреді.
- 2. **Rami cardiaci thoractici**-көмейдің қайтарма нерві мен кезбе нервтің кеуде бөлігінен басталып, жүрек өріміне барады.
- 3. **Rami bronchiales et tracheales** симпатикалық сабау тармақтарымен бірге бронх қабырғаларында өрім plexus pulmonalis-ті түзеді. Бұл өрім тармақтары кеңірдек пен бронхтардың бұлшықеттері мен бездерін нервтендіреді, сонымен қатар онда кеңірдек, бронхтар мен өкпеге арналған сезімтал талшықтар да болады.
- 4. **Rami esophagei**-өңеш қабырғасына барады.

В. Іш бөлігінде:

Кезбе нервтің өңештен жүретін өрімдері асқазанға созылып, алдыңғы және артқы сабаулар- *trunci vagales*-терді түзеді. Әрбір *truncus vagalis* парасимпатикалық ғана емес, сондай-ақ симпатикалық және афферентті анималды нерв жүйесінің нерв өткізгіштері кешені болып табылады және онда екі кезбе нервтің де талшықтары болады.

Тіл-жұтқыншақ нерві (IX)

- Үшінші желбезек доғасы нерві даму үрдісінде нервтердің X жұбынан бөлінген. Онда үш текті талшықтар болады.
- Жұтқыншақ, дабыл қуысы, тілдің шырышты қабаты, бадамшалар және таңдай доғалықтары рецепторларынан шығатын афферентті талшықтар:
- Жұтқыншақ бұлшықеттерінің біреуін-m.stylopararyngeus ервтендіретін эфферентті талшықтар
- Glandula parotis үшін эфферентті парасимпатикалық талшықтар.
- Құрам бөліктерін сәйкес оның үш ядросы болады: nucleus solitaries, оған афферентті түйін-ganglia superius et inferius-тердің жасушаларының орталық өсінділері келеді. Вегетативті парасимпатикалық ядро-төменгі сілекей бөлетін ядро-торлы құрылымында кезбе нервпен ортақ үшінші қозғалыс ядросының-nucleus ambiguus пен жанында шашыраған жасушалардан тұрады. Тіл-жұтқыншақ нерві түбіршіктері арқылы оливияның артында, кезбе нервтің үстінде сопақша мидан шығып, соңғы нервпен бірге мойындырық тесігі арқылы бассүйектен шығады.

Қосымша нерв (XI)

- Қосымша нерв соңғы жебезек доғаларынан дамиды; эфферентті талшықтары және сопақша ми мен жұлында жайғасқан екі қозғалыс ядросы бар. Ядроларына сәйкес оның ми және жұлындық бөліктерін ажыратады. Ми бөлігі сопақша мидың, кезбе нервтің төменгі жағында шығады. Қосымша нерв жұлындық бөлігі алдыңғы және артқы түбіршіктері арасында және жоғарғы үш мойын нервтерінің алдыңғы түбіршіктерінен құралып, нерв сабаушасы түрінде жоғары көтеріліп, ми бөліміне қосылады. Қосымша нерв кезбе нервтің бөлініп шыққан тармағы болғандықтан, ол онымен бірге бассүйек қуысынан мойындырық тесігі арқылы шығып m. trapezius пен одан бөлінген m. sternocleidomastoideus екеуін нервтендіреді.

-

Тіласты нервi (XII)-n.hypoglossus

- Тіласты нервi (XII)-n.hypoglossus, жануарларда дербес болып тіласты бұлшықетін нервтендіретін 3-4 жұмыс сегменттік нервтерінің қосылып-бірігуінен пайда болады. Одан тіл бұлшықеттерінің оқшаулануына сәйкес бұл нервтер күрделі омыртқалылар мен адамда біріге-қосылып, жұлын нервтерінен бассүйек нервтеріне ауыспалы тип ретінде түзіледі.
- Бұлшықетті болып табылатын тіласты нервiсiнiң тіл бұлшықеттеріне баратын эфферентті және осы бұлшықеттер рецепторларынан шығатын афферентті талшықтар бар.
- Бұлшықетті болып табылатын тіласты нервiсiнiң ьтіл бұлшықеттеріне баратын эфферентті және талшықтар бар. Онда сондай-ақ жоғарғы мойын симпатикалық түйінінен шығаратын симпатикалық талшықтар да өтеді.
- Тілсаты нервiсiнiң доғасы орналасқанда Пирогов үшбұрышының ауданы үлкен, керісінше болады. M.hypoglossus-тың алдыңғы жиегінде тіласты нервi тіл етіне енетін соңғы тармақтарға ыдырайды